



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Араб Экономикалық Дамуы Кувейттік Қорының арасындағы жаңа үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану жөніндегі келісім туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 қаңтар N 96

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 U952679_ заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 30 қарашада Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Араб Экономикалық Дамуы Кувейттік Қорының арасындағы жаңа үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану жөніндегі келісім мақұлданын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Орыс тіліндегі бейресми аудармадан

қазақ тіліне аударылды

Түпнұсқа: араб тілінде

N 21 грант

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен

Араб Экономикалық Дамуының Кувейттік Қоры
арасындағы
жаңа үкіметтік ғимарат құрылысы жобасына
арналған
грантты пайдалану жөніндегі

келісім

Күні: 30.10.1999

Грантты пайдалану жөніндегі келісім

Бір тараптан Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - "Үкімет") мен екінші тараптан Араб Экономикалық Дамуының Кувейттік Қоры (бұдан әрі - "Қор") арасындағы 1999 жылғы 30 қазандағы Келісім;

Кувейт Мемлекетінің Үкіметке осы Келісімнің 1-тізбесінде сипатталған Жаңа Үкіметтік Ғимарат Құрылысы Жобасын (бұдан әрі - "Жоба") қаржыландыру кезінде пайдалану үшін он миллион (10.000.000,00) Америка Құрама Штаттары доллары көлемінде грант беруге келіскендігін назарға ала отырып;

Кувейт Мемлекеті мен Үкімет Жоба Грантын басқару жөніндегі міндеттерді Қорға жүктеуге келіскендігін назарға ала отырып;

Үкімет қаржыландыру жоспарына сәйкес Жобаның құнын қаржыландыруды

аяқтау үшін қажет болатын осындай сомаларды бұдан былай да қамтамасыз еткісі келетіндігін назарға ала отырып;

Осылайша, Тараптар төмендегілер туралы келісті:

I Бап

Грант

1.01. Осымен Үкімет Грант болып саналатын он миллион (10.000.000,00) Америка Құрама Штаттары доллары сомасының осы Келісімде баяндалған талаптарға сәйкес Жобаны қаржыландыруға пайдаланылатындығына қатысты өз келісімін білдіреді.

1.02. Грант сомаларын қайтарып алуды Грант сомасынан қаржыландыру қажет болатын осы Келісімнің талаптарына және келісім-шарттарға сәйкес Қор жүргізетін болады.

II Бап

Жобаны жүзеге асыру

2.01. Үкімет Жобаны жүзеге асыру үшін Грантқа қосымша қажет болатын барлық

басқа қаржы қаражаттарын уақтылы қамтамасыз етеді.

2.02. Үкімет жобалауды орындауды және жобаға бақылау жасауды инженерлік компанияға және Жобаның орындалуын құрылыс Мердігеріне жүктейді; мұндай Консультант және Мердігер, сондай-ақ олардың тағайындалу шарттары Тараптар арасында келісілуі қажет.

2.03. Үкімет жабдықтар мен құрылғыларды әкелуді қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қалмай, жобаның жедел орындалуы жөнінен барлық қажетті шараларды қолданады.

2.04. Үкімет жаңа үкіметтік ғимарат құрылысы үшін талап етілетін жер учаскесін Мердігерге уақтылы беруге міндеттенеді.

2.05. Үкімет пен Қор Грант мақсаттарына қол жеткізуді кепілдендіру үшін тығыз байланысатын болады. Осы мақсатта, Үкімет пен Қор өздерінің өкілдері арқылы Жоба мақсаттарына жататын мәселелер бойынша мезгіл-мезгіл пікір алмасып отыратын болады, Үкімет Грант мақсаттарына қол жеткізуге кедергі келтіретін немесе кедергі келтіруі мүмкін кез келген жағдайлар туралы Қорға уақтылы хабарлап отыратын болады.

2.06. Үкімет Қордың уәкілетті өкілдеріне олардың Грантқа қатысты мақсаттағы сапарлары үшін және Жобаны, оған қатысты материалдарды және кез келген басқа да жазбалар мен құжаттарды инспекциялауына қолайлы жағдайлар жасайды.

2.07. Үкімет Жобаны жүзеге асыруға жұмылдырылған Мердігерлер мен Консультанттарды, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын тұлғалардан тұратын қызметкерлерін олардың Жобаны жүзеге асыру жөнінен орындаған қызметтеріне байланысты алатын кірістеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңында белгіленген салықтың кез келген түрінен және кез келген тарифті, төлемдерді, кедендік баж салығын, импортқа салықты және осы қызметкердің немесе олардың отбасы мүшелерінің жеке пайдаланулары үшін Қазақстан Республикасына әкелінетін немесе одан шығарылатын жеке немесе үй мүліктеріне салынатын басқа да осындай салықтар мен төлемдерді төлеуден босатады.

Жобаның орындалуына байланысты әкелінетін тауарлар, жеткізілімдер және басқа меншік Қазақстан Республикасының заңында белгіленген барлық салықтардан, төлемдер мен кедендік баж салықтарынан босатылатын болады.

2.08. Грант сомасынан қаржыландырылған тауарлар сенімді сақтандырушылармен сақтандырылуы қажет. Мұндай сақтандыру сатып алуға және тауарларды Үкімет аумағына әкелуге және одан әрі Жоба объектісіне жеткізуге тән теңіздік, транзиттік және басқа қауіп-қатерлерді жабатын болады және қалыпты коммерциялық тәжірибеге сәйкес келетін сомада болады. Мұндай сақтандыру төлемі сақтандырылатын тауарлардың құны номиналданған валютамен немесе еркін айырбасталымдағы валютамен төленуге жатады.

Жобаны жүзеге асыруға қатысты барлық қауіп-қатерлер сенімді

сақтандырушылармен қалыпты коммерциялық тәжірибеге сәйкес келетін сомада
с а қ т а н д ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

2.09. Қордың барлық құжаттарын, жазбаларын, хат-хабарларын және осы іспеттес материалдарын Үкімет құпия сипаттағы құжаттар деп қарауы қажет. Үкімет жарияланымдарды цензурадан өткізуге және бақылау жасауға қатысты Қорға толық қол сұғылмаушылықты қамтамасыз етеді.

2.10. Қордың қаражаттары мен кірістері национализациялануға, тәркіленуге және а л ы п қ о ю ғ а ж а т п а й д ы .

І І І Б а п Б а с қ а т а л а п т а р

3.01. Берілуі осы Келісімге сәйкес талап етілетін немесе рұқсат етілетін кез келген мәлімдеме немесе өтініш жазбаша нысанда жазылуы қажет. Мұндай мәлімдеме немесе өтініш, егер олар қолма-қол немесе пошта, телекс, жеделхат, факс немесе оларды алуға уәкілетті тарапқа кабель арқылы осы Келісімде көрсетілген мекенжай бойынша немесе бір тарап осы мәлімдемені берген немесе өтінішті жасаған екінші тарапқа хабарлаған басқа мекенжай бойынша жеткізілсе, мұндай мәлімдеме немесе өтініш жасалған немесе у а қ т ы л ы б е р і л г е н б о л ы п қ а р а л а д ы .

3.02. Үкімет тарапынан осы Келісімге сәйкес жасалуы тиіс кез келген іс-әрекетті және орындалуы талап етілетін немесе рұқсат етілетін кез келген құжатты Сыртқы істерінің бірінші вице-министрі немесе ол жазбаша нысанда уәкілеттік берген басқа адамның қолға алуы немесе орындауы мүмкін. Осы Келісім ережелеріне енгізілген кез келген өзгерістер немесе

толықтырулар Үкімет тарапынан оның жоғарыда аталған өкілімен немесе ол жазбаша нысанда уәкілеттік берген басқа адаммен келісілуі мүмкін.

IV Бап Күшіне енуі

4.01. Үкімет осы Келісімнің жасалуын барлық талап етілетін іс-қимылдарымен уақтылы уәкілеттендіргендігі және бекіткендігі туралы Қорға қанағаттанарлық дәлелдеме тапсырылған уақытқа дейін осы Келісім күшіне енбейді.

V Бап Анықтама

5.01. Контекспен басқа жайлар түсіндірілетін жағдайлардан басқа кезде, мынадай терминдер осы Келісім мен Тізбенің қай жерінде қолданылса да мынадай мәнге ие:

(1) "Жоба" термині осы Келісімнің 1-тізбесінде сипатталғандай және егер сипаттамаға Қордың және Үкіметтің келісімімен мезгіл-мезгіл түзетулер енгізіліп отыратын жағдайда Грант бөлінген жобаны білдіреді.

(2) "Материалдар" термині Жоба бойынша талап етілетін жабдықтарды,

жеткізілімдерді және көрсетілетін қызметтерді білдіреді. Материалдардың құнына қай жерде сілтеме жасалса да, осы құн әлгі материалдардың Үкіметтің аумағына енгізілуінің құнын өзіне енгізуі қажет.

3-баптың 1-тармағы үшін төмендегі мекенжайлар белгіленген:

Үкімет үшін:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі.

Қазақстан Республикасы, Астана, Бейбітшілік көшесі 10

Кабельдік байланыстар мен телекстер үшін балама мекен-жайлар:

Телеграф Телекс Факс

(7-3172) 327567

Қор үшін:

Араб Экономикалық Дамуының Кувейттік Қоры

Пошта жәшігі 2921, Сафат

Кувейт-13030

Кабельдік байланыстар мен телекстер үшін балама мекен-жайлар:

Телеграф Телекс Факс

ALSUNDUK 22025 ALSUNDUK (965) 2419091

KUWAIN 22613 KRAED KT (965) 2436289

Жоғарыда баяндалғандарды қуаттай отырып, тараптар өздерінің ресми өкілдері арқылы осы Келісімге әрқайсысы түпнұсқа болып есептелетін үш данада қол қойды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы Араб Экономикалық Дамуының

үшін Кувейттік Қоры үшін

қолы қолы

Қазақстан Республикасының

Кувейт Мемлекетіндегі Елшісі
(Уәкілетті Өкіл)

(Уәкілетті Өкіл)

№ 1 қоса беріліп отырған хат

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Күні: 30.10.1999 ж.

Араб Экономикалық Дамуының Кувейттік Қоры
2921 пошта жәшігі, Сафат
Кувейт, 13030
Құрметті мырзалар,

Тақырып: Гранттан қаржыландырылуға жататын материалдардың
тізбесі - Жеткізілім рәсімі

Біз дәл бір күні өзіміз қол қойған "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Араб Экономикалық Дамуының Кувейттік Қоры арасындағы жаңа үкіметтік ғимарат құрылысы жобасына арналған грантты пайдалану жөніндегі келісімге" сілтеме жасаймыз және Гранттың сомасынан қаржыландыруға жататын пункттерді, әрбір пунктке бөлінген сомаларды және әрбір пунктке қатысты қаржыландырылатын шығыстардың проценттік қатынасын көрсететін "Материалдар тізбесін" қоса беріп отырмыз. Біз Грант қаражатының ешқандай жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарымен салынатын немесе оның аумағында қолданылып жүрген алымдар мен салықтарды төлеу үшін пайдаланылмайтындығын растаймыз.

Сондай-ақ, егер біздің арамызда керісінше келісім болмаса, онда Гранттан қаржыландыруға жататын пункттерді жүзеге асыру конкурстық негізде өткізілетіндігін қ у а т т а й м ы з .

Грант жөніндегі Келісімнің 2-бабының 1-тармағына сілтеме жасай отырып, құрылыс жобасы бойынша ақыл-кеңес беру қызметтерін көрсетуді қарау кезінде олар алдын ала және түпкілікті жоба әзірлеуді, Үкімет пен Қордың мақұлдауын алуды, құрылыстық тендерлік құжаттаманы әзірлеуді, Қордың келісімімен құрылыс мердігерінің таңдауы үшін тендер рәсімдерін сақтауды және құрылысқа бақылау жасауды өздеріне енгізуге тиісті екендіктерін атап өтеміз. Мұндай қызмет көрсететін консультантты таңдауды Қор өз ұсыныстарын Қазақстан консультанттарымен бірлескен кәсіпорындарда ұсынатын Кувейт консультанттарының қысқаша тізімінен конкурстық негізде жүргізетін болады. Қазақстандық консультанттардың қысқаша тізімін Үкімет әзірлеуге және оны Қорға жолдауға тиіс.

Құрылыс жобасына қатысты мәселеге келсек, оны Қордың мақұлдауымен конкурстық негізде консультант таңдайтын мердігер жүргізетін болады. Құрамында бірінші санатты кувейттік құрылыс мердігерлері және қазақстандық мердігерлер бар бірлескен кәсіпорындардан ғана өтініштер қабылданатын болады. Осы мақсатта Грант алушы біліктілік деңгейін көрсете отырып, қазақстандық мердігерлердің тізімін беруге т и і с т і .

Гранттан қаржыландырылуға жататын кез келген келісім-шартқа қол қою

кезінде оның тиісті көшірмелері бақылау және есептік құжаттама үшін бізге жолданылуы қажет.

Хатпен бірге қоса беріліп отырған көшірмедегі қуаттау нысанына қол қоя отырып, жоғарыда аталған және қоса беріліп отырған "Материалдар тізбесіне" Сіздің өз келісіміңізді білдіруіңізді сұраймыз және Сізден оларды бізге қайтаруыңызды өтінеміз.

Қазақстан Республикасы

қолы

Қазақстан Республикасының

Кувейт Мемлекетіндегі Елшісі

(Уәкілетті Өкіл)

Бекітемін

Араб Экономикалық Дамуының

Кувейттік Қоры

қолы

(Уәкілетті Өкіл)

1-тізбе

Жобаның сипаттамасы

Жоба Астана қаласындағы Кенесары көшесі мен Әуезов көшесінің қиылысында орналасқан көп функционалды үкіметтік әкімшілік ғимараттың құрылысынан тұрады. Ғимарат шамамен 10000 шаршы метр аумақты алуы тиіс және шамамен 12500 шаршы метр алаңы болады.

Жоба мынадай бөліктерден тұрады:

1. Қазіргі бар жоспарды тексеру және түрлендіру мақсатында консультациялық қызметтер, қазіргі бар құрылыстың жоспармен сәйкестігін тексеру, егжей-тегжейлі инженерлік жоспар мен тендерлік құжаттарды әзірлеу, Жоба құнының белгіленген бюджеттен аспайтындығын тексеру және құрылысқа бақылау жасау;
2. Барлық приборлық құралдардың жеткізілімін, инсталляциялануын

және анықталуын қоса алғанда, ғимарат құрылысы бойынша инженерлік-құрылыс жұмыстары;

3. Жеткізілуін, орнатылуын және барлық орнатылған аппаратураларға сынақ жүргізілуін қоса алғанда, барлық белгіленген пункттердің орталық инсталляциялануы мен анықталуын қоса алғанда, орталық жылу беру мен кондиционерлерді қоса алғанда, құрылысқа арналған электромеханикалық жұмыстар.

Жоба 2001 жылдың аяғында бітетін болады деп күтілуде.

Жоба бойынша көрсетілетін қызмет пен материалдардың тізбесі

N	Пункттер	Грант қаражатын АҚШ долларымен бөлу	Пункттің жалпы құнының проценттік қатынасы
1.	Консалтингтік қызметтер	1 000 000	100
2.	Құрылыс жұмыстары және жеткізілімдер	8 000 000	100
3.	Орналастырылмаған шығыстар	1 000 000	
	Жиыны	10, 000, 000	

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК